

**«Мойылды сәбилер бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

**Қамқоршылық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

29.11.2021 ж

Мойылды ауылы

Қатысқандар:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Алмагуль Амангельдиновна Идельбаева

2. Қамқоршылық кеңесінің орынбасары:

Динара Мұратбекқызы Әділхановна

3. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Мақпал Сүлейменқызы Рахымжанова

Алия Серікқызы Иданова

Индира Ермекқызы Борецкая

4. Қамқоршылық кеңесінің отырысының хатшысы:

Әсем Темірханқызы Мұхамеджанова

Шақырылғандар: Мойылды сәбилер бақшасы» КМҚК басшы

Айман Бейсемьиновна Беспаета.

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның өзін-өзі бағалауы туралы есеп.

Баядамашы: А.Б.Беспаета

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Беспаета Айман Бейсембиновна сөз сөйледі.

Қош келдіңіздер, құрметті Қамқоршылық кеңесінің мүшелері! Біздің бүгінгі жиналғанымыз осы айдың соңында Мойылды сәбилер бақшасы аттестаттаудан өтеді. Балабақшаға аттестаттаудан өту үшін сәттілік тілеп, балабақшаның басшысының м.а. А.Б.Беспаетаға сөзімді беремін.

Сәлеметсіздерме, құрметті Қамқоршылық кеңесінің мүшелері!

Жоғарыда айтылғандай бүгін біз жиналған себебіміз 2021 жылдың қаңтар айының соңында балабақшаның мемлекеттік аттестаттаудан өтуі. Біздің алдымызда өте жауапты миссия тұр, біз сіздердің моралдық қолдауларыңызға сенеміз.

Ал қазір сіздерді балабақшаның өзін-өзі бағалауымен таныстыруға рұқсат етіңіздер, бізде әлі уақыт бар сондықтан өзін-өзі бағалауды біз мәліметтермен толтырамыз (есеп қоса беріледі). ҚР-ның «Білім туралы» Заңының 59-бабының 4-тармағында былай делінген: Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау мемлекеттің білім алуға құқықты қамтамасыз етуіне және сондай-ақ заңды тұлға құрмай дара кәсіпкерлердің өздері жүзеге асыратын білім беру қызметінің ҚР-ның білім беру саласындағы заңнамасының және ҚР-ның рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігін сақтауға бағытталған және оны білім салсындағы уәкілетті орган оның, ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, профилактикалық бақылау арқылы бес жылда бір рет ҚР-ның Кәсіпкерлік кодексіне, осы заңға сәйкес жүргізеді.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай қорытындылардың бірі беріледі:

1) Білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына толық сәйкес келген жағдайда, аттестатталды;

2) Білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына толық сәйкес келмеген жағдайда, аттестатталмады. Сонымен қатар, білім беру заңнамасымен бірге Білім министрлігі әдістемелік ұсынымдармен бағалау өлшемшарттарын әзірледі. (Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары) 26.07.2021ж №366 бұйрығы және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапасы қамтамасыз ету комитеті

төрағасының «Білім беру ұйымдарның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұстанымдарды бекіту туралы» 10.09.2021ж №700 бұйрығы).

Біз осы құжаттарға сүйеніп өзін-өзі бағалауын дайындаймыз.

Сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің орынбасары: Динара Мұратбекқызы Әділхановна өз ойларымен бөлісті.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Алмагуль Амангельдиновна Идельбаева Атап өткен жөн балабақшаның өзін-өзі бағалау есебі мазмұнды. Әрине балабақшаның мәртебесін көтеру барысында біз әрқашан дайынбыз. Сіздерге мемлекеттік аттестаттаудан сәтті өтуді тілейміз. Біздің мектеп ұзақ жылдар бойы балабақшамен тығыз байланыста. Сіздің түлектеріңіз біздің мектепке келеді. Бізде жақсы дәстүрлер қалыптасқан. Сәттілік!

Сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: М.С.Рахымжанова. Осы 2021 жылдан бастап ҚР БҒМ білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттау жүргізуді қайта бастады. Сонымен қатар, мен өзін-өзі бағалау туралы есеп нақты және барлық және барлық бөлімдерді қамтитынын атап айтқым келеді. Бірінші болғандықтан сізге қиын болуы мүмкін. Үлкен сәттілік тілеймін! Сенемін аттестаттаудан өтетініңізді.

Сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Алия Серікқызы Иданова: Айман Бейсембиновна , Білім беруді жаңғырту орталығы сіздерге әдістемелік көмек көрсетуге дайын. Иә мен де айтқым келеді, өзін-өзі бағалау туралы есеп мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың барлық бағыттарын қамтиды. Сізге және сіздің барлық ұжымыңызға сәттілік, денсаулық және шыдамдылық тілеймін!

Сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Индира Ермекқызы Борецкая , Иә мен де айтқым келеді, Сізге және сіздің барлық ұжымыңызға сәттілік, денсаулық және шыдамдылық тілеймін!

Сөйледі: Айман Бейсембиновна Беспаета. Құрметті қамқоршылық кеңесінің мүшелері, жылы сөздеріңізбен тілектеріңіз үшін көп рахмет!

Сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Алмагуль Амангельдиновна Идельбаева Қамқоршылық кеңесінің отырысына шығарылған барлық мәселелер қаралды. Күн тәртібі бойынша ұсыныстар немесе толықтырулар болады ма? Болмаса жиналыс жабық деп жарияланады.

Шешімі:

1. «Толағай» Мойылды сәбилер бақшасы» КМҚК басшы. А.Б.Беспаетаның өзін-өзі бағалау бойынша есесбі назарға алынсын.
2. «Толағай» Мойылды сәбилер бақшасы» КМҚК басшы А.Б.Беспаетаның балабақшаны мемлекеттік аттестаттаудың нәтижесі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерін өзін-өзі бағалау қытындысымен таныстырылсын.

Төрайымы:

А. А. Идельбаева

Хатшы:

Ә. Т. Мұхамеджанова